

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 376-378

СИЫРЛАРДЫҢ СУАЛУ МЕРЗІМІНДЕГІ СУБКЛИНИКАЛЫҚ ЖЕЛІНСАУЫН ЕМДЕУ ӘДІСТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ

Әшім Р.

Сүтті ірі қара шаруашылықтарына едәуір зиян келтіретін аурулардың бірі- сиырдың желінсауы. Ол жылдың кез келген мерзімінде де, сиыр сауылып жүргенде, тіпті суалған кезінде де пайда болады. Ақмола облысының шаруашылықтарында сиырлардың желінсауға шалдығуы 30% , кейде тіпті оданда көп мөлшерді қамтиды. Бұл жағдай сапалы азықтың жетіспеуімен, жануарларға арналған арнайы ғимараттардың жоқтығымен түсіндіріледі.

Әсіресе клиникалық белгісінің байқалмауынан және оны ажырату қиынға соғуына байланысты жасырын желінсау қатерлі болып табылады. Себебі, ауру сиыр сүтін пайдалану адамның, сонымен қатар жас бұзаулардың денсаулығына зиянды. Желінсаудың бұл түрінде сүттің әдеттегі түрінде еш өзгерістер болмайды, бірақ оның құрамында патогенді немесе токсинді микрофлора болады. [1,2].

Желінсаулар салдарынан құралатын экономикалық шығындарға сауын төмендеуі, сүттің технологиялық қасиеттерінің нашарлауы, сиырлардың уақытынан бұрын шығындалуы, төлдердің түрлі ауруларға, атап айтқанда асқазан-ішек торабы ауруларына шалдығуы, азықтандыруға кететін қосымша шығындар оған қоса ауруларды емдеуге шығындалатын қаражаттар жатады, осының бәрі үлкен кесел жинағы болып табылады. Желінсауларға шалдыққан сиырлар барлық табынға қауіп төндіреді, бір сауын мерзімінде сүт алынуы 12-15%-ға төмендейді. [3,4].

Сол себепті суалу мерзіміндегі субклиникалық желінсаудың шаруашылыққа әкелетін зиянын төмендету, сиырларда желінсауды тудыратын қоздырғыштарын анықтау мақсатында келесі міндеттерді алдымызға қойдық:

1 Суалма мезгіліндегі желінсауға шалдыққан сиырларды шаруашылық деңгейінде талдау жұмыстарын өткізу.

2. Диагностикалық тесттер арқылы ауру сиырларды желінсауға тексеру.

3. Өндіріс жағдайында ауру сиырлардың топтарына басқа әдістермен салыстыру арқылы препараттың емдік тиімділігін анықтау.

Зерттеу жұмысы Ақмола облысы, Аршалы ауданының Ижевск ауылындағы «Ижевский» ӨК шаруашылығында және ғылыми зерттеу бөлімі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ветеринария

және мал шаруашылығы технология факультетінің, ветеринарлық медицина кафедрасының зертханасында жүргізілді.

Зерттеу нысаны ретінде қара-ала тұқымдас сиырлар пайдаланылды, желінсауларды диагностикалау әдістерін жүргізу және нақтылау мақсатында акушерлік-гинекологиялық диспансеризация жүргізілді. Осы кезде жануарлардың жалпы жағдайына, сүт безі мен әр желін бөлігінен алынған сүттегі өзгерістерге көңіл аудардық.

«Ижевский» ӨК шаруашылық жағдайында бір топ-32 сиыр зерттеуге алынды. Оның ішінде 6,7,8 айлық буаздылықтағы,суалма кезіндегі 20 сиыр бөлініп алынды. Желінсауды диагностикалау үшін Соматик тест және Ланжу мастит екі тест сынамасы қолданылды. Сиыр сүттерін зерттеу бойынша алынған деректер 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - Желінсауға сүт сынамаларын зерттеу нәтижелері.

№	Диагностикалық әдістер	Сынамалар саны	Реакция нәтижелері		Анықталған ауру сиырлар, %
			Оң	Теріс	
1	Соматик Тест	80	40	40	50
2	ЛМТ- ланжу мастит тест	80	40	40	50

Алынған нәтижелер, желінсауға оң реакция соматик тестті қолданғанда 40 болғанын көрсетеді, бұл 50 % тең, ал ланжу мастит тест қолданған кезде 10 жағдай тіркеліп, 50 % құрады. Екі тестті қолданған уақытта нәтижесі бірдей анықталғанын айта кету қажет.

Жасырын желінсауға шалдыққан сиырларды емдеу нәтижесі.

Анықталған ауру сиырлардан әрқайсысында 5-бастан 2-топ құралды.

Бірінші топтағы ауру сиырларды (n=5) шаруашылықта қолданылып жүрген ем жобасымен емдедік, құнара мастисан –А, үрпі ішіне, бициллин-3 антибиотигін 1,5 млн. ӨБ мөлшерінде арасына 3 күн салып, 3 мәрте.

Екінші топтағы сиырларға (n=5) пелтамаст емдік препаратын суалымға қойғанға 49 күн қалғанында 10 мл дозада урпінің 4/1 бөлігіне енгіздік.

3-кесте- Түрлі ем үлгілерін қолданып емдеу нәтижелері.

Топтар	Емдік заттар	Емделгендер		Сауыққандар		Ем қонбағандары	
		Сиырлар	Зақымданған желін бөліктері	Сиырлар	Желін бөліктері	Сиырлар	Желін бөліктері
1.	Бициллин-3 Мастисан А	5	6	4	5 (83,3%)	1	2
2.	Пелтамас т	5	7	5	7 (100%)	-	-

Кесте талдауынан екінші топта сауығу 100 % болғанын, ал бірінші топта 83,3 %, яғни 16,7 % төмен болған. Бұл алынған нәтижелер қолданылынып отырған препараттың жоғарғы терапевтикалық тиімділігін көрсетеді. Бұл жасырын желінсаулар салдарынан әкелінетін экономикалық шығын көлемін айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.

4-кесте -Түрлі ем үлгілерін қолданып емдеу нәтижелері (n=5).

Сиыр топтары	Сиырлар саны	Сауығу мерзімдері, күн					Орташа емдеу күндері	Сауығуы %.
		1	3	6	9	12		
1.Шаруашылық үлгісі	5	-	1	3	1	-	7	90
2.Пелтамаст	5	-	3	2	-	-	5	100

4-кестеден 3-ші тәулікке қарай сиырлардың сауығуы орын алғанын көруге болады, осылайша бірінші топта осы мерзімге таман 1 малдан сауықса, екінші топта мұндай сиырлар саны 3-ке тең болған, ал 6-шы тәулікте қабыну белгілері 2-баста тиылған.

Бірінші топта емдеу ұзақтығы 7 тәулікке тең болса, екінші топта 5 тәулік құрады. Бұл дерек пелтамастты шаруашылықта қолданыс тапқан әдіспен қатар қолдану емдеу мерзімін орта есеппен 32 % қысқартуға мүмкіндік бергенін көрсетеді.

Зерттеуіміздің нәтижесінде, сиырлардың суалу мерзіміндегі субклиникалық желінсауын емдеуді салыстыру негізінде жүргізілген емдік әдістің тиімділігі анық көрінді.

Сиырлардың суалу мерзіміндегі субклиникалық желінсауын емдеуде, шаруашылықта қолданылатын препаратқа қарағанда, пелтомаст препаратын 10 мл 4/1 үрпіге енгізіп қолдану, сиырлардың сауығу уақытын 9 тәуліктен 6 тәулікке қысқартуға мүмкіндік береді, яғни 3 күнге.

Әдебиеттер тізімі

1. Абдрахманов Т.Ж. Заболевание коров маститом в зависимости от морфофункциональных показателей. Вестник с./х. Науки Казахстана. 2000. №3. с.49-52.

2. Т.Ж.Абдрахманов. Лечение коров, больных маститами. Вестник с./х. науки Казахстана 11-12, 1999, Алматы. С.109-116.

3. Martinez-Pacheco, Dari; Cruz-Carrillo, Anastasia; Millan, Alirio; Moreno-Figueredo, Giovanni, Evolution of resistance from Bacteria Causing Clinic and Subclinic mastitis Against Some Antimicrobials Used in dairy cows in Sotaquira Municipality // Revista científica-facultad de ciencias veterinarias, Web of science, том25, выпуск 3, стр.;223,231.

4. Васильев В.Г. Терапия коров, больных маститом в сухостойный период // Вет. – 1998. – №1. – С.38.

Ғылыми жетекші; д.в.н.профессор Әбдірахманов Т.Ж